

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қаңтардағы N 70 "2003 жылғы көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдарға кредит берудің кейбір мәселелері туралы" қаулысын орындау туралы

Ақмола облысы әкімінің 2003 жылғы 7 мамырдағы N а-5/143 қаулысы. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 8 мамырда N 1776 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қаңтардағы NN№70 "2003 жылғы көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдарға кредит берудің кейбір мәселелері туралы" қаулысын сонымен қатар, облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 21 ақпандағы N С-24-2 "Облыстық мәслихаттың 2002 жылғы 19 желтоқсандағы N С-22-2 "2003 жылға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімін орындау мақсаттарында, облыс әкімдігі қаулы етеді:

1. Ауыл шаруашылық товарларын өндірушілеріне 2003 жылғы көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға кредит беру Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 10.1.257.83 "Ауыл шаруашылық товарларын өндірушілеріне 2003 жылғы көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға кредит беру" бюджеттік бағдарламасының әкімшісі болып Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы тағайындалсын.

3. 2003 жылғы көктемгі егіс пен егін орағы жұмыстарын несиелендіру жөніндегі Оператор болып "Ақмола астық комитеті" шаруашылық жүргізу құқығы бар мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны белгіленсін.

4. 10.1.257.83 "Ауыл шаруашылық товарларын өндірушілеріне 2003 жылғы көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға кредит беру" бюджеттік бағдарламасының төлқұжаты тоғыз жүз (қосымша 1) миллион теңге болып бекітілсін.

5. Бағдарлама әкімшісі бөлінген несие ресурстарын мақсатты түрде пайдалануды және уақытында қайтаруды қамтамасыз етсін. Аудан әкімдеріне бөлінген кредиттік қаржыны қайтару үшін Бағдарлама әкімшісіне қолдау көрсету ұсынылсын.

6. Облыс әкімдігінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N а-2/59 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қаңтардағы N 70 "2003 жылғы көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдарға кредит берудің кейбір мәселелері туралы" қаулысын орындау туралы, 2003 жылғы 21 наурыздағы N а-4/104 "Облыс әкімдігінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N а-2/59 "Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2003 жылғы 21 қаңтардағы N 70 "2003 жылғы көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдарға кредит берудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулыларының күші жойылған деп саналсын.

7. Осы қаулының күші 2003 жылдың 25 ақпанынан бастап қалыптасқан құқықтық қатынастарға таралады.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасарлары Қ.М. Отаров пен Д.З. Әділбековке жүктелсін.

Ақмола облысының әкімі

Б е к і т і л д і

Ақмола	облысы	әкімдігінің
07.05.2002	ж.	№ а - 5 / 143
"Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің	2003	жылғы 21
қаңтардағы	№	70 "2003
жылғы	көктемгі	егіс пен
егін	жинау	жұмыстарын
жүргізуді		ұйымдастыруға
жергілікті		атқарушы
органдарға	кредит	берудің
кейбір	мәселелері	туралы"
қаулысын	орындау	туралы"
қаулысы		

2003 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға облыстың ауыл шаруашылық қосалқы бөлшектерін сатып алу және ауыл шаруашылығы техникаларын жалға алу мен сатып алуға жеңілдік пен несиелендіру шарттарын, мерзімдерін және тетіктерін белгілейді.

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылы 21 қаңтардағы N№70 "2003 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдарға кредит берудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес бюджеттік қаржы есебінен жанар-жағар май материалдарын, тұқым, тыңайтқыш, гербицидтер, ауыл шаруашылығы машиналарының қосалқы бөлшектерін сатып алу және ауыл шаруашылығы техникаларын жалға алу мен сатып алуға жеңілдік пен несиелендіру шарттарын, мерзімдерін және тетіктерін белгілейді.

2. Негізгі түсініктер

2. Бағдарлама әкімшісі ауыл шаруашылығы товарларын өндірушілерді несиелендіру жөніндегі бюджеттік Бағдарламаны негіздеу және жүзеге асыру үшін жауапты жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік орган.

3. Тауарлық кредит - Оператор нақты қарыз алушыға беретін өнім.

4. Ақшалай кредит Бағдарлама әкімшісі нақты қарыз алушыға беретін бюджеттік қаржы.

5. Өнім - жанар-жағар май материалдарын, тұқым, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқымның дәрілері, ауыл шаруашылығы машиналарының қосалқы бөлшектері, ауыл шаруашылығы техникалары

6. Бағдарламаның операторы Бағдарлама әкімшісімен келісім-шарт негізінде жергілікті бюджеттен түсетін кредиттік қаржыларды нақты қарыз алушыларға кредит беретін ұйым.

7. Ауыл шаруашылық тауарларын өндіруші жерді өндірістің негізгі құралына айналдырған немесе өз қызметін ауыл шаруашылық тауарларын өндіру үшін жермен байланыстырған, заңды тұлға құрмай ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын заңды немесе жеке тұлға.

8. Нақты қарыз алушы кредит алушы, ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші.

3. Кредит беру тәртібі

9. Республикалық бюджеттен облыстық бюджетке бөлінетін 900000000 (тоғыз жүз миллион) теңге кредиттік қаржы 2003 жылдың 1 желтоқсанына дейін қайтарылуын қамтамасыз ету шартымен ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерді нөлдік үстеме ақы ставкасымен кредиттеуге бағытталып, жанар-жағар май материалдарын, тұқым, тыңайтқыш, гербицидтер, тұқым дәрілерін, ауыл шаруашылығы машиналарының қосалқы бөлшектерін сатып алуға немесе ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алуға және жалдауға жұмсалады.

10. Бөлінетін қаржының мақсатты түрде пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін кредиттік қаржы қарыз алушыларға тауарлық және ақшалай кредит түрлерінде беріледі.

11. Берілген кредиттік қаржы 2003 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жұмсалады.

12. Бөлінген кредиттік қаржы облыс аудандарына олардың болжаулы егістік алқаптарының жалпы көлеміне пропорционал бөлінеді. Кредиттік қаржыны бағдарлама әкімшісі бөледі. Егер аудандар кредиттік қаржы алудан бас тартса, бағдарлама әкімшісі оны өткен жылдардағы алған кредиттері бойынша қарыздары жоқ басқа аудандарға бөліп береді алады.

13. Кредиттік қаржыны қандай меншік түріне жататындығына қарамастан, екінші деңгейдегі банктің кепілдік міндеттемелері бар барлық ауыл шаруашылық тауар өндірушілері ала алады.

14. Бағдарлама әкімшісі оператормен бірлесе отырып аудан әкімінің ұсынысы бойынша өткен жылдары алған кредиттік қарыздары бойынша берешектері жоқ қарыз алушыларға өтімді кепілдік мүліктері болған жағдайда кредиттік қаржы беру мүмкіндіктерін қарастыра алады. Бірақ бұл жағдайда кредиттік қаржы

тауарлық-материалдық заттармен ғана беріледі.

15. Бағдарлама әкімшісі нақты кредит алушыға кредиттік қаржыны ақшалай беруді екінші деңгейдегі банктің кепілдік міндеттемелерін тапсыру шартымен ғана жүзеге асыра алады.

16. Егер қарыз алушы нақты қарыз алушы осы ережеде көрсетілген өнімдерді шектеулер деңгейінде өзі алғысы келсе, Бағдарлама әкімшісі өнімді сатушыға кредиттік қаржыны аудар алады.

17. Кредиттік қаржыны қайтару ақшалай ғана жүзеге асырылады.

4. Кредит беру үдерісіне қатысушылар

18. Бағдарлама әкімшісі:

1) Ақмола облыстық қаржы басқармасымен кредиттік келісім жасайды;
2) Бағдарлама операторымен кредиттік қаржыны 2003 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға аудару жөнінде кредиттік шарт жасайды;

3) Кредиттік қаржыны облыс аудандары бойынша бөледі;

4) 2003 жылдың 1 қарашасына дейін Оператордың кредиттік қаржыларды қайтаруын қамтамасыз етеді;

5) бөлінген кредиттік қаржы есебінен сатып алынатын өнімдердің ұсынылған бағаларына мониторинг жүргізеді;

6) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бөлінген кредиттік қаржы есебінен Оператордың өнімді сатып алуын қамтамасыз етеді және сатып алудың түрі туралы шешім қабылдайды;

19. Аудан әкімдері:

1) Бағдарлама әкімшісі мен операторына қарыз алушылардың тізімін тапсырады;

2) бөлінген қаржы келіп түсуі мен мақсатты түрде қолданылуына бақылауды қамтамасыз етеді;

3) Бағдарлама әкімшісіне бөлінген кредиттерді уақытында қайтару үшін қолдау көрсетеді;

20. Бағдарлама операторы:

1) нақты қарыз алушылармен бөлінген кредиттік қаржы есебінен сатып алынған өнімді беруге келісімдер жасайды;

2) бағасы ең төмен және жоғары сапалы өнімдер ұсынған сатушылармен келісімдер жасайды және кредиттік қаржыларды солардың есебіне аудар алады;

3) өнімдердің нақты қарыз алушыларға бөлінуі мен уақытында жеткізілуін қамтамасыз етеді;

4) 2003 жылдың 1 қарашасына дейін кредиттік қаржының қайтарылуын қамтамасыз етеді;

21. Нақты қарыз алушылар:

1) Оператормен немесе Бағдарлама әкімшісімен келісім-шарт жасайды;

2) 2003 жылдың 1 қарашасына дейін алған кредиттік қаржының ақшалай қайтарылуын қамтамасыз етеді.

21. Кредиттік ресурстардың қайтарылуы бойынша жауапкершілік Бағдарлама әкімшісі мен Операторына жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК